

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Министерство здравоохранения Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген №
017 /е нысанды медициналық құжаттама

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік
органының атауы
Наименование государственного органа санитарно-
эпидемиологической службы
"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
комитеті Алматы қаласының санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау департаменті Алматы қаласы
Алатау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесі
Республиканское государственное учреждение "Управление
санитарно-эпидемиологического контроля Алатауского
района города Алматы Департамента санитарно-
эпидемиологического контроля города Алматы Комитета
санитарно-эпидемиологического контроля Министерства
здравоохранения Республики Казахстан"

Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена
приказом Министра национальной экономики Республики
Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ А.01.X.KZ69VWF00037134

Дата: 19.02.2021 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

«DAXX GROUP» ЖШС-нің «SANYA-2» жеке меншік 62 орынға арналған 3 топтық балабақшасы
(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің,
қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или
вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 19.02.2021 11:05:43 № KZ60RYS00099104**
өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) **Товарищество с ограниченной ответственностью "DAXX GROUP", «Daxx Group» ЖШС-нің «SANYA» жеке меншік балабақша меңгерушісі А. Муздыбаева, Алатау ауданы, Теректі ықшам ауданы, Таусамалы көшесі, 2В, телефон: 8701-847-01-88**
Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы.
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

барлық түрдегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектісі, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Теректі ықшам ауданы, Жетісу кварталы, 58
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **бұл мақсатта талап етілмейді**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **«Alma-Lab» ЖШС-да, «Еркін Тағам» сараптамалық зертханасында, «Еңбек жағдайын бағалау сараптама орталығы» ЖШС-нің сараптамалық зертханасында жасалынған зертханалық хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **бұл мақсатта талап етілмейді**

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) **бұл мақсатта талап етілмейді**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)



«Daxh Group» ЖШС-нің «SANYA-2» жеке меншік балабақшасы 2 қабатты ғимаратта орналасқан. Балабақша 62 балаға арналған 3 топтан тұрады, 2-6 жасқа дейінгі балалар қабылдау қарастырылған. Участок аумағы-0,0600га, құрылыс аумағы- 266,6ш.м. Жеке меншік балабақша аумағы қоршалған, қоршаудың биіктігі 2,0м. Жер телімінде көлеңкелі күркелері бар ойнау алаңдары қарастырылған. Бір балаға 4ш.м. бөлінген 3 топтық ойын алаңдары қарастырылған, кіші архитектуралық пішінмен абаттандырылған. Ойын алаңдарында қалқандары бар 3 топтық күркелермен жабдықталған. Ойын жабдықтары балалар бойы және жасына сәйкес келеді, сенімді және берік етіп бекітілген. Тұрмыстық қоқыстарды уақытша сақтауға және жинауға арналған 1 дана қоқыс жәшіктері (контейнер) арнайы абаттандырылған орында балабақшаның оңтүстік-батыс жағына қойылған. Тұрмыстық қоқыстарды шығарып тұруға «Алатау Сервис Групп» ЖШС-мен келісім шарт жасалынған (2020 жылғы 1 желтоқсан №2-21).

Су жүйесі қалалық орталықтандырылған жүйеге қосылған. Кәріз жүйесі, жергілікті септик арқылы, бкуб/м бетондалған шұңқырға құйылады, шығарып тұруға келісім шарт жасалынған. Жылыту жүйесі көгілдір отын арқылы, қалалық торапқа қосылған, бөлмелер радиаторлар арқылы жылытылады, алмалы-салмалы ағаш торлармен қоршалған. Жарықтану табиғи және жасанды. Табиғи жарықтану терезе арқылы. Жасанды жарықтану бойынша люминесценттік және шырақ шамдар көздері қойылған. Желдету шаралары табиғи және жасанды түрде қарастырылған. Топтар терезе жақтаулары арқылы желдетіледі. Асханада механикалық қозғалтқыштағы ауаны үрлеп-сорып шығаратын желдеткіш технологиялық жабдықтың (электр плита) үстінде «зонт» типті майларды аулайтын фильтрі бар сору жүйесі орнатылған, ауаны сорып шығару құбырлары шатыр төбесіне 1,0метр биіктікте шығарылған.

Балабақша ішкі әрленуі санитарлық талапқа сай. Ұйықтау және ойнау бөлмелерінің қабырғалары және төбелері жуып-тазалауға және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге қолайлы материалдардан жасалынған, еденіне линолуем төселінген. Санитарлық тораптар, буфеттік жүйе, асхана қабырғаларына, еденіне кафель төселінген.

Жеке меншік балабақша ғимаратының бірінші қабатында 2-3 жасқа дейінгі 25 балаға арналған 1-топ (ұйықтау, ойнау-75,4ш.м.), санитарлық торап (3 дана қолжуғыш, 3 дана дәретхана, 1 поддон), буфеттік жүйе (тамақ ішу ыдыстарын жуатын 2 дана ұяшық-жуғыштар, ыдыстарды сақтауға арналған шкаф), 2 топтың сырт киімдерін шешетін орындар, екінші қабатта 2 топ, оның ішінде 3-4 жасқа дейінгі 25 балаға арналған 2-топ (ұйықтау, ойнау-75,6ш.м.), 5-6 жасқа дейінгі 12 балаға арналған 3-топ (ұйықтау, ойнау-37,9ш.м.), 2 топтың санитарлық тораптары (4 дана қолжуғыш, 4 дана дәретхана, 1 поддон), 1 топтың сырт киімдерін шешетін орын, 2 топтық буфеттік жүйесі (тамақ ішу ыдыстарын жуатын 2 дана ұяшық-жуғыштар, ыдыстарды сақтауға арналған шкафтар) бөлме-жайлары орналасқан.

Бірінші қабаттан екінші қабатқа баспалдақ арқылы көтеріледі, баспалдақтың биіктігі 1,2м қарастырылған, қоршаулары тігінен қойылған.

Балалар жиһаздары жеткілікті, екі қабатты төсектердің мөлшері 120*60*30, 140*60*30, жас және бой ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Төсектер, үстелдер талап бойынша орналасқан. 4 орынға арналған үстелдер 2 қатардан қойылған, арақашықтығы 0,5м құрайды. Қатты жиһаздар балалар тізімі бойынша таңбаланған. Жұмсақ мүкәммалдары бойынша матрацтар, жастықтар, мақталы көрпелермен қамтамасыз етілген. Балалар ойнауға арналған ойыншықтар және төсек жабдықтары, ыдыстардың құжаттары, яғни сертификат, декларация, зертханалық хаттамалары толық көрсетілді, мерзімі сақталынған. Ойыншықтар күнделікті жұмыс соңынан жуылады, кептіріледі, жуатын арнайы таңбаланған ыдыс бөлінген.

Медициналық кабинет балабақшаның бірінші ғимаратының 1-қабатында орналасқан, қабылдаумен бірге бір төсектік изолятор бөлме-жайынан тұрады, жалпы аудан көлемі-12ш.м. Медициналық кабинеттің төбесі сулы эмульсиямен, қабырғасы ашық бояумен боялған, еденіне линолуем төселінген, қолжуғыш қойылған. Санитариялық қағидаларының 9-шы қосымшаға сәйкес қажетті медициналық құрал-жабдықтарымен: қолжуғыш, кушетка, жазу үстелі, орындықтар, дәрі-дәрмектер және құжаттарды сақтайтын шкафтар, тұрмыстық тоңазытқыш, манипуляциялық үстел, бой өлшегіш, медициналық таразы, жылжымалы зарарсыздандыру шамы, тонометр, фонендоскоп, үстел үсті шамы, медициналық термометрлер, қайшы, педальды қақпағы бар шелек, медициналық халат, бір рет қолданылатын орамал (қағаз), бір рет қолданылатын бетперде, тазалу жұмыстарын жүргізуге арналған қара түсті халат, жуып-тазалауға арналған қолданылуы бойынша таңбаланған мүкәммалдар, дезинфекциялық заттар, канцелярлық тауарлар, резиналық жгут, сынбайтын тоңазытқышқа арналған термометр, 1 дана тоңазытқыш сумка, ширмамен жабдықталған. Штаттық кестеге сәйкес 1 медициналық қызметкер қарастырылған.

Асхананың аудан көлемі-25,2ш.м., дайын тағамдарды таратумен бірге тамақ пісіретін, тамақ өнімдерін дайындау, асхана және ас үй ыдыстарын жуатын, сусымалы азық-түліктер, көкөністерді сақтайтын орындар аумақтарынан тұрады. Тамақ дайындау барысында технологиялық ағымдылық сақталынған. Технологиялық жабдықтармен 4 көзді электрплита, тәуліктік ас мәзірін және гостраномиялық өнімдерді сақтауға арналған 1 дана тоңазытқыш, азық-түліктерді сақтауға арналған 2 камералы тоңазытқыштармен, ет өнімдерін сақтау үшін 1 мұздатқышпен жабдықталған. Тамақ өнімдерін, ыдыстарды, мүкәммалдарды сақтауға арналған сөрелермен (стеллаж) қамтамасыз етілген. Тамақ



дайындайтын цехта ет, ұн өнімдерін және көкөністерді дайындап-турайтын үстелдер, оларды жуып-тазалауға арналған 3 дана ұяшық-жуғыштар қойылған. Асханалық ыдыстарды жуатын 1 дана ұяшық-жуғыштар қойылған. Асханалық ыдыстар, дайындап-тарату, өңдеу және өндірістік үстелдер жабдықтар жеткілікті, қолданылуы бойынша таңбаланған. Жабдық, өндірістік үстелдер, мүкәммалдар, ыдыс-аяқ, ыдыстар тамақ өнімдерімен жанасуға рұқсат етілген, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдардан жасалған. Шикі және дайын өнімдерді қолдануда бөлек сақтау, технологиялық өңдеу және тарату үшін бөлек таңбаланған жабдықтары, таңбаланған бөлшектеу мүкәммалдары қолданылуда. Ас үй және асханалық ыдыстарды жууда жуатын үй-жай бөлмелерінде ыдыстар мен мүкәммалдарды жуу қағидаларының нұсқаулығы ілінген. Балаларды тамақтандыру балабақша директорымен бекітілген перспективалы екі апталық ас мәзірі арқылы берілуде. Тамақ өнімдері және азық-түлік шикізаты «MagnumC&C» ЖШС-нің филиалымен келісім шарт жасалынған және аталған объектілердің арнайы автокөліктермен тасымалдануда. Сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын сәйкестік сертификат, декларация, зертханалық қорытынды хаттамалар құжаттары толық, мерзімі сақталған. «Alma-Lab» ЖШС-мен өндірістік бақылау жүргізуге жасалынған келісім шарт 2020 жылғы 13 қазанда №02/2020-424 жасалынған. Толық таңбаланған жуып тазалайтын мүкәммалдармен қамтамасыз етілген. Қызметкерлер 3 кезекті арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Арнайы киімдер бөлінген орында шкафтарда сақталуда.

Ауыз суды үздіксіз ішілуіне мүмкіндік жасалған, таза ауыз су қайнатылып берілуде, қолданатын ыдыстармен қамтамасыз етілген.

Қызметкерлер және қосалқы жұмысшылар саны-10, медициналық тексеруден «Каусар Плюс» ЖШС-нің медициналық орталығынан өткен, жеке медициналық кітапшалары ұсынылды, флюоросуреттері жабыстырылған.

Жинап-тазалауға арналған мүкәммалдар жеткілікті, қолдану орыны бойынша таңбаланған.

Зарарсыздандыру жүргізілуде, негізгі ерітінді арнайы таңбаланған ыдыста жасалынады, мерзімі сақталынған.

Дезинфекция, дератизация және дезинсекция келісім шарт арқылы «Алма-санэпидаудит» ЖШС-мен жүргізіледі (2020 жылғы 2 қазандағы №273 келісім шарт және орындалғаны туралы актісі ұсынылды). 2020 жылғы 24 желтоқсандағы берілген №А.01.X.KZ55VWF00034573 санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша орындалғаны:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ары қарай-СҚ) бойынша:

1. 1 топ бойынша топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған 20ш.м. көлеңке қалқа көзделген және қойылған;
 2. Дәретханаларда балаларға арналған сүлгілерді ілетін ілгіштер еденнен 60см биіктікте қойылған, сүлгілер балалар тізімі бойынша таңбаланған;
 3. Түбектер пайдаланылғаннан кейін дезинфекциялануда. Таза түбектерді дәретханаларда сақтауда таңбаланған ұяшықтары бар сөрелі шкафтар қойылған және жуып-тазалауға, дезинфекциялауға арналған таңбаланған сыйымдылықпен қамтамасыз етілген;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің бұйрығымен бекітілген 2018 жылғы 23 сәуірдегі №186 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ары қарай-СҚ) бойынша:
4. Буфеттік жүйе бойынша 1 топқа арналған екі секциялы ұяшық-жуғыштар және асханалық ыдыстарды жуатын 1 жуғыш ванна орнатылған.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света:); **бұл мақсатта талап етілмейді**

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из



генеральных планов, чертежей, фото)

«Alma-Lab» ЖШС-да жасалынған 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №506-507 сү үлгісін микробиологиялық зерттеу, «Еркін Тағам» сараптамалық зертханасында 2020 жылғы 10 қазандағы №1345К, 1346К орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз сү үлгілерін зерттеу хаттамасы, «Еңбек жағдайын бағалау сараптама орталығы» ЖШС-нің сараптамалық зертханасында жасалынған №92 метеорологиялық факторларды өлшеу, №92/1 жарықты өлшеу хаттамалары.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды

Санитарно-эпидемиологическое заключение

«DAXX GROUP» ЖШС-нің «SANYA-2» жеке меншік 62 орынға арналған 3 топтық балабақшасы (нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарак) пайдалануға берілетін немесе қайта жанартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің бұйрықтарымен бекітілген 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сабилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, 2018 жылғы 23 сәуірдегі №186 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

сай (соответствует)

(нужно подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

Қазақстан Республикасының Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңдылық актілер талаптары қатаң сақталынсын

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Алматы қаласы Алатау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесі

Алматы қ., Шағын ауданы Шанырақ-2, көшесі Жанқожа Батыр, № 24 үй
Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Управление санитарно-эпидемиологического контроля Алатауского района города Алматы Департамента санитарно-эпидемиологического контроля города Алматы Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

г.Алматы, Микрорайон Шанырақ-2, улица Жанқожа Батыр, дом № 24

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Сисенов Дархан Алдонгарович

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



